

Нұрлы Жол

1991 жылдың 10 январьнан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№29 (3294), сәрсенбі, 9 апрель, 2025 жыл

ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ САЯСАТ

Еліміздің астанасында өткен Парламентаралық одақтың 150-ассамблеясы аясында гендерлік теңдік мәселелеріне арналған арнайы сегмент өтті.

Оған халықаралық ұйым басшылары, әлемнің түрлі елдері парламенттерінің өкілдері қатысты.

Шараға Парламентаралық одақ Президенті Тулия Эхсон ханым төрағалық етті.

Өз сөзінде ол 1985 жылы әлемнің түркі-түркінен келген 22 әйел-парламент мүшелері бұл қозғалыстың негізін қалады, бұл әлемдегі бірінші әйел-парламентарийлердің форумы болғанын атап өтті.

Айтылғандай, Әйел парламент мүшелері форумы құрылған сәттен бастап Парламентаралық одақ гендерлік теңдік моделі мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуде елеулі күшке айналды.

Өз кезегінде, Өзбекстан Олий Мажлисі Сенатының Төрайымы Танзила Нарбаева сөзінде аймақтық және жаһандық деңгейде әйелдердің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық салалардағы рөлін одан әрі нығайтуда Парламентаралық одақтың маңызын атап өтті.

Парламентаралық одақтың Бас хатшысы Мартин Чунгонг гендерлік теңдік мәселелеріне ғана қатысты мәселе емес, бұл — демократия, адам құқықтары және тұрақты даму мәселесі екенін айтты.

— Бұл бізден, әсіресе, басшылық қызметте жүрген ер азаматтардан нақты әрекет пен қадамдар жасауды талап етеді, — деді М.Чунгонг.

Шара барысында "Гендерлік теңдікке қол жеткіземіз: әрекеттен — әрекетке!" ұранымен жаңа кампания жарияланды.

Жаңа бастаманы алғашқылардың бірі болып Өзбекстан Парламенті қолдағаны және онда белгіленген жоспарларды жүзеге асыру жолында үлкен жауапкершілікпен, табандылықпен жұмыс жүргізілетіні айтылды.

Айта кеткен орынды, бұл кампания аясында ұсынылып отырған 10 іс-шара мазмұны Өзбекстанда қабылданған 2030 жылға дейінгі Гендерлік теңдік стратегиясы мен оны іске асыруға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламаларда көзделген міндеттермен үндес келеді.

Сегмент аясында қатысушылар тақырып бойынша көзқарастарын білдіріп, өзара пікір алды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.

Халықаралық байланыстар

ЗЕРТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жуырда Орталық Азия халықаралық институтында аталмыш институттың директоры Жавлон Вахабов және Италия — Азия институтының бас хатшысы Доменико Палмиери арасында кездесу жоғары деңгейде өтті.

Кездесу барысында тараптар өзара аймақтық байланыстылық, экономикалық әріптестік және мәдени-әлеуметтік саладағы қарым-қатынастар мәселелерін үйренуге бағытталған біріккен ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырудың болашағын талқылады.

Онда тараптар "Орталық Азия — Италия" платформасын сараптамалық көмекпен қамтудың маңыздылығын тілге тиек етті. Бұл форматтағы Орталық Азия елдері және Италия арасындағы диалог пен қарым-қатынасты жандандыруға ықпал ететінін, ал талдау орталықтары оның нәтижелі жұмыс жүргізуінде маңызды орын иелейтінін айтып өтті.

Кездесу қатысушылары 2024 жылдың басында Рим қаласында өткен үшінші "Орталық Азия — Италия" министрлер саммитінде қол жеткізілген келісімдердің іске асырылуына ерекше назар аударды.

Бұл институт 1975 жылы құрылып, Италиядағы

мәдени және әлеуметтік институттардың, сондай-ақ көптеген Азия елдерінің ресми өкілдіктерімен белсенді ынтымақтастық жасайды. Аталған мекеменің Италиядағы қалыптасқан дипломатиялық саланы жан-жақты қолдап-қуаттап, экономикалық серіктестік үшін негіз ретінде қызмет ететіні, сондай-ақ өз кезегінде әлеуметтік-мәдени байланыстарды нығайтуға ықпалын тигізетіні мәлімет етінде айтылды.

Кездесу соңында институт басшылары өзара түсіністік меморандумына қол қойды. Бұл құжат тұрақты тәжірибе алмасуды, біріккен шаралар өткізу мен зерттеу бастамаларын жүзеге асыруды негізге алатыны айтылды. Тараптар осы келісім екі институт арасындағы ұзақ мерзімді және тиімді ынтымақтастық үшін берік негіз болатынына сенім білдірді.

Арухан АҚПАҢБЕТОВА,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.



ТАҚИАТАС ТӘЖІРИБЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Қарақалпақстан Республикасының Тақиатас ауданында жастарды жұмыспен қамту және олардың арасында қоян шаруашылығын дамыту мақсатында көрнекі оқу семинары ұйымдастырылды.

Семинар аясында аудандағы жұмыссыз жүрген 30 жасқа субсидия негізінде 330 асыл тұқымды қоян таратылды. Әрбір жасқа 11

қояннан беріліп қана қоймай, оларға арнайы торлар мен бір айлық азық өнімдері де үлестірілді.

Семинар барысында тәжірибелі мамандар жастарға асыл тұқымды қояндарды өсіру бойынша қажетті кеңестерін берді. Сондай-ақ жастар өздерін қызықтырған сұрақтарға толыққанды жауап алды.

Суретте: семинардан көрініс.

Суретті түсірген
М.ХАБИБУЛЛАЕВ (Өза)



Бірлік — берекенің бастауы

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

"Бірлік бар жерде — тірлік бар", дейді дана халқымыз. Ежелден-ақ Орта Азия халықтары көрші отырып, ынтымақ пен татулықты ту етіп, бір дастарқаннан дәм татып, бейбіт ғұмыр кешіп келеді. Осы дәстүр бүгінге дейін жалғасын тауып, ұрпақ тәрбиесіне өнеге болып отыр. Соның айқын көрінісі — Бөке ауданындағы "Навобод" махалласында өткен "Достық пен бірлік дәріптелген ел!" атты рухани-мәдени шара.

Бұл мереке — бейбітшілік пен өзара сыйластықты паш еткен тамаша думан ғана емес, көпұлтты халқымыздың өзара ынтымағы мен бірлігінің нақты көрінісі.

Ел арасында "Тату елге тоқшылық нәсіп" деген ұлағатты сөз бар. Татулық пен келісім бар жерде даму мен өркендеу қатар жүреді. Осы орайда аталған шара ұлтаралық достықты тереңдетіп, жастар-

ды бауырмалдық пен отан-сүйгіштікке үндеді.

Шара барысында аудан әкімі Б.Бегматов елімізде жүз отыздан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатқанына тоқталды. Сонымен қатар "Өзбекстан — ортақ үйіміз" деген ізгі идея аясында жасалып жатқан жұмыстар мен мемлекетіміз басшысы ұстанып отырған сындарлы саясат-

тың басты бағыттарының бірі — ұлтаралық татулықты нығайту екендігін ерекше атап өтті.

Содан соң мектеп оқушылары мен өнерпаздар ұлттық мәдениетіміздің үздік үлгілерін ортаға салып, көрерменге рухани ләззат сыйлады. Түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұлттық әндері мен билері орындалып, көрермен қошеметіне бөленді.

"Денсаулық — байлық, спорт — қайрат" дегендей, шара аясында спорттық сайыстар да ұйымдастырылды. Ардагерлер арасында футбол, жастар арасында волейбол, белбеулі күрес, шахмат-дойбы, үстел теннисі, қол күресі сияқты жарыстар өтіп, жеңімпаздарға естелік сыйлықтар табысты. Сонымен қатар батырауық ұшыру, арқан тарту сынды ұлттық ойындар көрініс тапты. Бұл — салт-дәстүріміздің жанданып, жас буынға жаңаша серпін беріп

отырғанын дәлелі.

Шара соңында көпшілік қауым "Достық пен бірлік жасасын!", "Ынтымағы жарасқан елдің ырысы тасады!" деген ақ тілектерін білдіріп, тарқасты.

Қорытындылай келе, "Достық пен бірлік дәріптелген ел!" атты тағалымды шара — ел ішіндегі тұрақтылық пен татулықтың айқын көрінісі болды. Мұндай бастамалар қоғамда өзара түсіністік пен сыйластықтың салтанат құруына жол ашады. "Бірлік болмай тірлік болмас" деп, бекер айтпаған дана халқымыз. Ұлт пен ұлыс арасындағы татулық — елдің ең басты байлығы, мәңгілік дамудың кепілі. Сондықтан да осындай игі істер жалғасын тауып, әр өңірде ынтымақ пен бірліктің туы желбірей берсін.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ,
"Нұрлы жолдың" тілшісі.

ЖАСТАР КӘСІПКЕРЛІГІ ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІК

Бүгінде жас кәсіпкерлерді қолдап-қуаттау мақсатында бірқатар мүмкіндік жасалуда. Соның бірі — жастардың инвестициялық кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруға берілетін жеңілдетілген несиелер.

Бұл несиелер қандай жобаларға беріледі және олардың шарттары қандай деген сұрақтар туындауы табиғи жайт.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 21 апрельдегі "Жастардың өнеркәсіптік және кәсіпкерлік аймақтарының қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ жастардың кәсіпкерлікке қатысты бастамаларын қолдап-қуаттау іс-шаралары туралы" қаулысына сәйкес, жастардың өнеркәсіп және кәсіпкерлік аймақтары мен "Жас кәсіпкерлерді қолдап-қуаттау қоры" құрылды.

Бұл Өнеркәсіптік аймақтарда "старттаптар" құруға, жастардың кәсіпкерлік қызметін бастауға және жүргізуге, соның ішінде өндіріске инвестициялық өнімдерді енгізуге және оның нәтижелерін коммерцияландыруға, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен кооперативтік байланыстар ор-

натуға барлық жағдай жасалды.

Егер сіздің жасыңыз 18-30 аралығында болса және өз жобаныңызды осы аймаққа орналастырғыңыз келсе инновациялық, импорттың орнын басатын және экспортқа бағытталған өнімдер шығару көзделуі керек, жоба бойынша құрылған жаңа жұмыс орындарының кемінде 70 пайызы жастарға арналуы тиіс. Бұл ретте, "Жастар тізіміне" енген азаматтардың жұмыспен қамтылуы басымдыққа ие болады.

Сонымен қатар жас кәсіпкерлерге барлық бағыт бойынша инвестициялық жобаларға жеңілдетілген несиелер бөлінеді. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, сақтау мен қаптау, тоқымашылық, аяқ киім және былғары өндірісі, химия, фармацевтика өнеркәсібі, азық-түлік өндірісі, электротехника, машинажасау, қырылыс материалдары, сондай-

ақ қолөнер, IT-технологиялар.

Егер сіздің жобаныңызды банк қаржыландыруға келіссе, кәсіпкерлікті қолдап-қуаттау мемлекеттік қоры несиесі сомасының 50 пайызына дейін (бірақ 500 миллион сумнан аспайтын мөлшерде) кепілдік береді. Ал сақтандыру ұйымдары жылына 2 пайыз ставкасымен несиесі қайтарылмай тәуекелін сақтандыру полисін береді. Ең маңыздысы, егер сізде салық қарыздары немесе бұрынғы несиелер бойынша өтелмеген қарыздарлық болса, жоғарыда аталған кепілдіктер мен сақтандыру полисі сізге берілмейді. Бұл жағдайда, несиесі алу үшін басқа кепілдік түрлерін ұсыну қажет.

Тағы бір айта кетерлік жайт, егер кәсіпкер жалға алған ғимаратты өз меншігіне алғысы келсе, оны лизинг негізінде сатып алу мүмкіндігі бар. Ол үшін коммерциялық банктен жылдық 14 пайыз ставкамен несиесі беріледі. Мұнда кәсіпкер ғимараттың жалпы құнының 10 пайызын бастапқы төлем ретінде төлесе жеткілікті.

Ш.СУЛЕЙМАНОВ,
Құйышыршық аудандық әділет бөлімі.

Депутат пікірі

ӘЛЕМ ПАРЛАМЕНТТЕРІНИҢ НАЗАРЫ ТАШКЕНТТЕ

Өзбекстан соңғы жылдары алыс-жақын елдермен өзара тиімді, стратегиялық ынтымақтастық қарым-қатынастарын кеңейтуде. Бұл саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салалардағы бар әлеуетті іске асыруға мүмкіндік береді.

Осы іс-әрекеттердің нәтижесінде ұлттық парламентіміздің

халықаралық аренадағы рөлі мен маңызы кеңейіп келеді.

Үстіміздегі жылдың 5-9 апрель күндері өткен Парламентаралық одақтың Ташкент ассамблеясы еліміз үшін ғана емес, Орталық Азия аймағы үшін де маңызды әрі тарихи оқиға. Бұл осы салада жүргізіліп жатқан реформалардың іс жүзіндегі нәтижесі.

Халықаралық парламенттік дипломатия, заңнама және заң шығармашылығы саласындағы

маңызды оқиға болып саналатын бұл ассамблеяның елімізде өтуі Президентіміздің ішкі және сыртқы саясатының стратегиясына және жүзеге асырылған түбегейлі реформалардың нәтижелеріне халықаралық қауымдастықтың жоғары сенімі мен мойындауының үлгісі болып табылады.

200-ге жуық ұлттық парламенттерді біріктіретін және 2

мынға жуық қатысушыны қабылдаған Парламентаралық одақ ассамблеясы жаһандық ауқымдағы үлкен саяси алаң болып саналады. Елімізде өтуі жоспарланған шараға парламенттердің басшылары мен мүшелері, сондай-ақ басқа да жоғары мәртебелі қонақтар белсенді қатысып, тәжірибелерімен бөліседі деп күтілуде.

Бұл беделді шараның елімізде өтуі дүние жүзінің парламентшілеріне ұлттық парламентіміздің қызметімен және Олий Мажлис палаталары жинақталған бай тәжірибемен танысуға мүмкіндік берді.

А.ШОДМОНОВ,
Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты.

Ел жаңалықтары

ЖАҢА ТӨЛЕМ ТАРИФТЕРІ БЕЛГІЛЕНДІ

Фергана облысының аймақтарында тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсету үшін міндетті төлем тарифтері бекітілді.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 20 мартында "Облыс аймақтарында тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсету үшін міндетті төлем тарифтерін қайта қарау және бекіту туралы" Халық депутаттары облыстық Кеңесінің қаулысы қабылданған.

Қаулымен өңірлерде тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсету үшін ұсынылған міндетті төлем бағалары (тарифтері) қатты тұрмыстық қалдықтарға ай сайынғы төлем мөлшері (адам басына) ҚКС-мен есептемегенде қалалық жерлерде 6696 сум, аудан аумағында 5804 сум; Тұрғындарға ай сайынғы төлем мөлшері (адам басына) ҚКС-мен есептегенде қалалық жерлерде 7500 сум, ауданда 6500 сум; Занды ұйымдар үшін 1 текше метр үшін ҚКС-пен есептемегенде қалалар мен аудандар аумағында 100 580 сумды құрайды; Занды ұйымдарға 1 текше метр үшін ҚКС-пен қала және аудандар аумағында 112 650 сум етіп белгіленді.

ПАЙЫЗСЫЗ БІЛІМ БЕРУ НЕСИЕСІ

Бұл білім беру несиесі студенттердің оқу үлгеріміне қарай беріледі. Ол туралы АБКА-да Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі өкілдерінің қатысуымен өткен баспасөз конференциясында айтылды.

Президенттің тиісті қаулысына орай, жоғары оқу орындарында мемлекеттік гранттық квотасынан тыс 10 пайызға дейін классификацияланған тәртіппен қайта бөлу тәжірибесі енгізілді. Қазіргі уақытта білім беру гранттары екінші және одан жоғары курстарда оқитын және оқу көрсеткіші жоғары әлеуметтік белсенді студенттерге толық және ішінара түрде беріледі.

Осы құжатқа сәйкес, Әлеуметтік қорғау ұлттық агенттігі мен Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі тарапынан белгілеген кейбір санаттағы студенттерге қосымша мүмкіндіктер жасалды. Бұл санаттағы студенттер үлгеріміне қарай гранттың екі түрін пайдалана алады. Гранттың бірінші түрі бойынша олардың келісімшарттық жарнасы толығымен Мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі, екінші түрдегі грантта қаржылық тәуелсіз жоғары орнының қаржылары есебінен келісімшарт суммасының белгілі бір бөлігі өтеп беріледі.

Гранттарды ұсыну үдерісі ашықтық пен бейтараптық қағидаларына негізделген. Барлық үміткерлер университеттердің ресми веб-сайты арқылы онлайн түрде өтініш бере алады. Гранттарға үміткерлер жоғары оқу орындарында құрылған арнайы комиссиялар тарапынан бағаланып, қорытындысы жана оқу жылы басталғанға дейін жарияланады.

ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІК ҚҰРЫЛАДЫ

Министрлер Кабинетінің жанынан Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі ұлттық агенттігі (агенттік) құрылады. Бұл үстіміздегі жылдың 27 мартында қабылданған Өзбекстан Республикасы Президентінің "Энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік басқаруды жетілдіру және энергетикалық сервистік компаниялар қызметтері базарын дамыту іс-шаралары туралы" жарлығына белгіленді.

Агенттіктің негізгі міндеттерінің бірі — энергия тиімділігін арттыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, саладағы ынтымақдандырушы және ықпал етуші шараларды әзірлеу мен реттеу.

2025 жылдың 1 июлінен бастап тұрғындар тұрғын үйлерінің энергетикалық аудитін жүргізу қаражаттарының және күн панельдері мен күн гелиоколлекторлар құнының 20 пайызын, жылу сорғыларының (ауа, су және геотермалдық) құнының 40 пайызын, бірақ БЕМ-нің 50 еседен аспайтын мөлшерін өтеуге Агенттік тарапынан субсидия бөлетін болады.

2025 жылдың 1 сентабріне дейін Энергия тиімділігін арттыруға арналған цифрлық платформа іске қосылады. Агенттік жанынан бюджеттен тыс Энергия тиімділігін ынтымақдандыру және қолдау қоры құрылады.

2025 жылдың 1 октябріне дейін өндірушілер мен импорттаушылар үшін технологиялардың энергия тиімділігінің "жасыл" стандарттары енгізіледі.

(Өз тілшімізден.)

Тұсаукесер

ГЕРМАНИЯДА АЛҒАШ РЕТ ЖАРЫҚ КӨРГЕН БАЛАЛАР КІТАБЫ

Германияда алғаш рет бастауыш сынып оқушыларына арналған "Өзбекстан, балалар тілінен хикаялар" атты жаңа кітап жарыққа шықты. Геттинген университетінің жобасы аясында авторлар Альберт Файерабенд және отандасмыз Насиба Абдуллаева жазған бұл кітап германиялық жас оқырмандарға еліміз, оның тарихи қалалары, бай мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы мәлімет береді. Сондай-ақ мектеп жасындағы балаларды Өзбекстан бойынша қызықты саяхатқа шақырып, оларды еліміздегі теңдестерінің өмірімен, күнделікті жаттығуларымен және дәстүрлі мерекелерімен таныстырады.

Кітаптың кейіпкерлері — Нодир, Мадина, Севара және Баходир — Ташкент, Самарканд, Хиуа қалалары мен Фергана өңірінің көрнекті орындары, еліміздегі шығыс базарлары, ауыл мен қалалардағы қарбалас өмір туралы баяндайды. Түрлі-түсті суреттермен безендірілген кітап мазмұн жағынан бай және

еліміздің дерлік барлық аумақтарының табиғатын ашып көрсетеді. Кітапта өзбекстандық балалардың күнделікті өмірі, олардың отбасылық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жан-жақты баяндалған. Әсіресе, өзбек махаллалары, ұлттық қолөнер, жібек өндірісі тақырыптары туралы әңгімелер балаларда

үлкен қызығушылық тудырады.

Кітаптың мақсаты — мектеп оқушыларының Өзбекстан туралы көзқарасын кеңейту, мәдениаралық тәсілдермен басқа халықтардың дәстүрлеріне құрмет сезімін дамыту. Басылым бастауыш және орта мектеп жасындағы балаларға арналып, Германиядағы кітап дүкендерінде, сондай-ақ онлайн платформаларда қолжетімді бағада.

"Өзбекстан, балалар тілінен хикаялар" кітабының басылымы Өзбекстан мен Германия арасындағы мәдени байланыстарды нығайту, жас ұрпақты достық пен әлем мәдениеттерінің алуандылығына құрмет көрсету рухында тәрбиелеуге маңызды қадам болды. Кітаптың тұсаукесері "Q Gallerie Berlin" көрмелер галереясында өткізілді.

Альберт Файерабенд, кітап авторы: — Кітап жас неміс оқырмандарын Өзбекстандық балалардың күнделікті өмірі, қызығушылықтары туралы таныстыруды мақсат етеді. Германияда балалар тілінде әлем елдерін таныстыратын, мысалы, Түркия, АҚШ, Ресей ту-

Ғылым мен руханият жолында

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ТОҒЫСТЫРҒАН САПАР

Өзбекстан мемлекеттік Ұлттық университетіне ғылыми ізденістер аясын кеңейту мақсатында бауырлас ел ұстаздары Академик Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды университетінің филология факультеті журналистика кафедрасының меңгерушісі (PhD), қауымд.проф. Гүльмира Амангелдиева, филол.ғ.к., доцент Мейрам Жұмабеков және филол.ғ.магистрі, аға оқытушы Жазира Еркін іссапармен келген еді.

Іссапар аясында Өзбекстан Республикасындағы қазақ тіліндегі жалғыз басылым "Нұрлы жол" газетінде қонақта болды.

Оларды газеттің бас редакторы Ғұламзәкір Юсупов қарсы алды. Газеттің шығу тарихынан тартып бүгінге дейінгі өмірімен қонақтарды жақыннан таныстырды және қызықтырған сауалдарына жауап берді.

Содан соң қонақтар редакцияның ұжымымен жеке танысып, пікір алмасты.

Шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен әңгімелесу бір ғанибет. Олардың өмірге деген, қандай да бір қоғамдық үдерістерге деген ерекше көзқарасы бар. Сондықтан шығармашыл тұлғалармен кездесу әрдайым жағымды әсер қалдырып, бойымызға күш-қуат береді, — деп атап өтті Өзбекстан ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі доцент Шавкат Ибрагимов.

Г.ҚҰРБАНОВА

КЛИМАТТЫҢ ӘСЕРІ

Көшеттердің өсуі мен дамуы түрлі факторларға байланысты, мұнда негізінен топырақтың құрамы, климаттық жағдайлар, ауа температурасы және күн сәулесі маңызды рөл атқарады. Осы факторларды дұрыс бағалап, көшеттердің жақсы өсуі мен мол өнім алу үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

Топырақта гумус пен органикалық заттар жеткілікті болса, өсімдіктер қоректік заттарды тиімді сіңіріп, тез өсіп, жоғары өнім береді. Өсімдіктер құнарлы қара топырақта жақсы дамиды, бірақ құмды немесе тасты топырақта су мен қоректік заттарды ұстау қиына соғады, нәтижесінде өсімдіктер баяу өседі немесе толық өледі.

Тұзды топырақта артықша тұздар тамырдың су мен қоректік заттарды сіңіру мүмкіндігін шектейді, бұл өсімдіктердің сарғаюына әкеледі. Сондықтан топырақты тұзсыздандыру жұмыстары тұздану деңгейі жоғары жерлерде жүргізілуі керек.

Бау-бақшаны құру немесе ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде аймақтың климаттық жағдайларын ескеру қажет. Жылы кли-

маты бар аймақтарда вегетациялық кезең ұзақ, бұл өсімдіктердің жылдам өсуін және мол өнім беруін қамтамасыз етеді. Мысалы, оңтүстік аумақтарда құрма, ананас, анжир, лимон сияқты субтропикалық жемістер жақсы өседі.

Алма мен ұсақ жемістердің кейбір сұрыптары, мысалы, қара қарақат көлеңкелі жерлерді жақсы көреді. Кейбір алма сұрыптарының жемісі күшті күн сәулесінің әсерінен күйіп кетуі мүмкін, бұл дақылдың сапасы мен сыртқы түріне теріс әсер етеді. Сондықтан бау-бақша жарату кезінде осы факторларды ескеру жоғары нәтиже береді.

Өзбекстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.



Маңызды бір ай

ӘРҚАШАНҒЫДАЙ ҰЖЫМ БЕЛСЕНДІ

Мемлекет басшысының "Махаллаларда есік алды жерлерін тиімді пайдалануды ұйымдастыру арқылы тұрғындардың жұмысбастылығы мен табысын арттыруға бағытталған істерді одан әрі жеделдету туралы" жарлығына орай, 2025 жылдың 11 мартынан бастап "Маңызды бір ай" сапары жарияланғаны белгілі.

Жарлыққа орай, "Алмалық кен-металлургия комбинаты" акционерлік қоғамына біріктірілген Фергана облысының Алтыарық ауданында да тұрғындардың ауладағы жерлеріне ауыл шаруашылығы өнімдерін егуге көмектесу, дилігірліктерді анықтап шешу, әлеуметтік қорғауға мұқтаж отба-

сылардың табыс көзін арттыруға бағытталған бірқатар істер атқарылуда.

Атап айтқанда, ауданның "Қорғанша", "Зиллол", "Истиклол", "Қызылтөбе" сынды махалла азаматтар жиындарында тұрғындардың есік алды жерлерін тиімді пайдалануға көмектесу мақсатында жерді суару

үшін артезиан құдық қазу істері жүргізілуде. Бүгінге дейін 4 құдық қазылып, пайдалануға тапсырылған.

Табысы төмен жаңылар үшін жеңіл типтегі жылыжайлардың құрылуы да жоспарланған.

Ай барысында Алмалық кен-металлургия комбинаты ұжымының атынан жүз әлеуметтік қорғауға мұқтаж жан-яға азық-түлік өнімі берілді.

Сонымен қатар Алмалық кен-металлургия басқару кенесінің қаулысына негізделіп, Алтыарық ауданы "Зиллол" махалла азаматтар жиынындағы 42 тұрғын үйді көп жыл бойы қинап жүрген ауысу мәселесін шешу мақсатында 200 метр тереңдіктен ауысу шығарылып, 3,5 километр қашықтыққа тармақ тартылды.

Будан тыс, Алтыарық ауданындағы 120 орынға арналған және қайта жөндеуді талап ететін 15 мектепке дейінгі тәрбие мекемесі комбинатын демеушілігімен толық қайта жөндеді.

АКМК-ның ақпарат қызметі.



Партияларда

ҚОҒАМДА ТЕҢДІК ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫНДА



Әділетті қоғам құрудың басты шарттарының бірі – теңдік қағидаттарын сақтау және барша азаматтардың құқықтарын қорғау. Соның ішінде әйелдердің құқықтарын қорғау, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Бүгінгі таңда Президенттің бастамасымен әйелдердің құқықтарын қорғау және қолдау жүйесі нығайтылып, сенімді механизмдер қалыптасты. Осыған байланысты Өзбекстанның “Адолат” СДП Ташкент облыстық Кеңесі кең жұртшы-

лықпен бірлесе отырып, аймақтар мен махаллаларда кездесулер, дөңгелек үстелдер, ашық диалогтар өткізіп келеді. Бұл шаралар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселелеріне қоғам назарын аударуға, сондай-ақ олардың құқықтарын қорғау жолдарын талқылауға бағытталған.

Жуырда “Адолат” СДП Ташкент облыстық Кеңесі аудандық Отбасы және әйелдер бөлімімен ынтымақтастықта Жоғарышыршық ауданындағы №7 жалпы орта білім беретін мектепте “Қоғамда әйелдердің саяси-құқықтық білімін арттыру, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Шараға партияның Ташкент облыстық Кеңесінің төрайымы Гүлнора Ахмедова, Жоғарышыршық ауданы әкімінің орынбасары — Отбасы және әйелдер бөлімінің басшысы Макпал Айтматова, “Адолат” СДП Жоғарышыршық ауданы Ке-



сінің төрағасы Искандер Алашбаев, аудандық АХАЖ бөлімінің 1-санатты инспекторы, 3-дәрежелі әділет кенесшісі Умида Эргашева, аудандық “Инсон” әлеуметтік қызмет көрсету орталығының психологы Шоира Эгамбердиева, аудандық “Әйелдер қанаты” кеңесінің белсенділері, депутаттар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, білім беру мекемелерінің педагогтары, сондай-ақ махалла белсенділері қатысты.

Кездесу барысында қатысушыларға әйелдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу және жанжалды жағдайларда әйелдердің құқықтарын қорғау жөнінде жан-жақты ақпарат берілді. Ашық диалог түрінде өткен бұл жиында қатысушылар өзекті мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасты.

Ашық сұхбат түрінде өткен жиында айтылған пі-

кірлер тындаушылардың қызығушылығын оятып, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етті. Кездесу соңында қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға толық жауап алды. Сондай-ақ, партия қатарына қосылуға ниетті азаматтар мүшелікке қабылданды.

Әйелдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау — қоғам тұрақтылығы мен әділеттілігінің негізі. Осы бағытта атқарылып жатқан реформалар мен бастамалар құқықтық сауаттылықты арттырумен қатар, әйелдердің қоғамдағы орнын нығайтуға да ықпал етеді. Мұндай шараларды қолдау және кең ауқымда жалғастыру қоғамның дамуы үшін аса маңызды.

Гүлнора АХМЕДОВА, “Адолат” СДП Ташкент облыстық Кеңесінің төрайымы.

Көрме

ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ СИҚЫРЫ

Ташкент Фотосуретшілер үйінде Өзбекстан Көркем шығармашылар бірлестігінің мүшесі, көркемөнер фотография шебері Владимир Гончаренконың Наурыз Жалпыхалықтық мейрамына арналған “Құндылықтарың мәңгі болсын, Наурыз” идеясы негізінде “Халық мәдениетінің сиқыры” атты жеке фотокөрме ұйымдастырылды.

Экспозицияда фотосуретшінің Өзбекстанның Бұхара, Хорезм, Самарканд, Сұрхандария, Қокан, Әндижан облыстарында және Қарақалпақстан Республикасындағы мұражайлар мен жеке коллекциялардағы (Сұрхандария) ұлттық киім үлгілері (белгілі бір тарихи кезеңде пайдаланылған дәстүрлі) мен аксессуар үлгілерінің суреттері қойылған.

Көрменің ашылуында таратылған материалдарда өнертанушы Г.Шарипова айтқанындай, ұлттық дәстүрлі киім үлгілерінің сан алуандығы, қыз-келіншектердің сүйсіне тағатын әшекей бұйымдары, моншақтар, түймелер, тағы басқалар адамның назарын тартады. Әйелдердің ұлттық киімдері көп жағдайда доғаба, адрас сынды бағалы маталардан тігіліп, пішілімдерінің нәзіктігімен және күрделілігімен, өзіне тән тақияларымен көрерменді таңғалдырып әрі қуантады.

Фотосуретші Владимир 1949 жылы 14 февральда Ташкент облысында туылған. Кәсіпқой фотосуретші. Ташкенттегі ірі басылымдармен бірге жұмыс жүргізеді. Көптеген байқаулардың жеңімпазы атанған.

Х.АБДУНАЗАРОВ, Ташкент қаласы.

Сақтықта қорлық жоқ

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТҮРІНЕ ТОСҚАУЫЛ

Соңғы жылдары азаматтардың атына өздері білмейтін несиелердің ресімделуі жиілеп кетті. Алаяқтар жеке деректерді пайдаланып, адамдардың атынан несие алып, қарызға батыруда. Бұл үлкен қаржылық шығынға және несие тарихының бұзылуына әкеледі.

Осыған байланысты, ағымдағы жылдың 4 мартында “Несие ақпаратын алмасу туралы” заңға маңызды өзгертулер мен қосымшалар енгізілді. Жаңа заң жобасы азаматтарды несие беру үдерісінде құқықбұзушылардың заңсыз әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Несие келісімшартын жасауға тыйым салынған азаматтардың реестрі енгізілді. Бұл реестрге несие алуға тыйым салынған жеке азаматтар туралы ақпарат жинақталып, оны несие бюролары жүргізіп, Орталық банк бақылайды.

Орталық банк осындай тұлғалардың үйлестірілген реестрін несие бюролары арқылы жүргізу тәртібін белгілейді.

Сонымен қатар несие бюроларына қойылатын талаптар күшейтілді — олардың жарғылық капиталы кемінде 2 миллиард сум болуы керек. Сондай-ақ несие бюроларының қызметін реттеу қатаңдатылып, заң талаптарын бұзған жағдайда айыппұлдар мен санкциялар қарастырылды.

Бұдан тыс, азаматтардың өздері несие ресімдеуге тыйым сала алады, егер сіз өзіңіздің атыңызға несие алынбауын қаласаңыз, несие бюросына арнайы өтініш беріп, несие келісімшартын жасауға тыйым сала аласыз. Бұл шектеуді кез келген уақытта алып тастауға да мүмкіндік бар.

Алаяқтықтың алдын алу әр азаматтың қаржылық қауіпсіздігі үшін маңызды қадам. Сондықтан жаңа көрсетілген мүмкіндіктерді пайдаланып, өзіңізді және қаржыңызды қорғаныз.

Ш.АМРИЕВ, Жаңажол аудандық әділет бөлімі.

ІРІ ОМАРТАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Өзбекстан елшілігінің қызметкерлері Египеттің Танта провинциясында орналасқан “Ал-Асеал” бал өндіретін кәсіпорнының қызметімен танысты.

Кәсіпорын басшысы Фатхи Бехейрмен келіссөздер жүргізіліп, Наманган және Жызақ облыстарына бал зауытын құрудың инвестициялық жобасын жүзеге асырудың іс жүзінде жактары талқыланды.

Өзбекстанда құрылатын омарташылық орталығына дамыған елдердің ең заманауи, толық автоматтандырылған қондырғылары екіленетін болады. Сөйтіп адам факторын азайту арқылы күніне бірнеше тонна бал өндірілуі және кейіннен Орталық Азия аймағында бал тиімді бағамен сатылады деп күтілуде.

(Өз тілшімізден.)



Астана махаллаларында

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛУДЕ

Кәсіпкерлік саласын қоғам дамуының маңызды тірегі деуге болады. Әрбір кәсіпкердің қызметі — жаңа жұмыс орындарын ашуда, экономикалық өсуді қамтамасыз етуде және жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруда үлкен маңызға ие. Сондықтан кәсіпкерлік қызметтегі кедергілерді жою, бизнес өкілдерінің ұсыныстарын ескеру және олар үшін қажетті жағдайларды жасау мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар алдындағы ең өзекті міндеттердің бірі болып саналады.

Осыған орай, астанамыздың Юнусабад ауданы Юнусата махалласындағы әкімнің көмекшісі Жахонгир Саидахмедов профилактика инспекторымен бірге махалладағы кәсіпкерлердің ұсыныстары мен мәселелерін зерттеп, оларға іс жүзінде қолдау көрсетіп, бизнес ортасын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Жахонгир Саидахмедов махалладағы өндіріс, сауда, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы салаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлердің қызмет барысында кездесетін проблемаларын үйреніп, оларды шешу бойынша шаралар қарастыруда. Ол кәсіпкерлермен тұрақты байланыс орнатып, олардың мәселелерін тиісті органдармен және мамандармен талқылап, тиімді шешімдер табуға тырысуда.

Қазіргі уақытта махалладағы шағын және орта бизнес өкілдері өз жұмыстарын жүргізу барысын-

да түрлі кедергілерге тап болуда. Атап айтқанда, несие алу қиындығы, салық және кеден жөніндегі туралы жеткілікті ақпараттың болмауы, құжаттарды ресімдеу үдерісіндегі бюрократтық кедергілер, бизнесін дамыту үшін базар жағдайын жақсарту қажеттілігі сияқты мәселелер бұның айқын мысалы бола алады.

Махалла кәсіпкерлерінің ұсыныстары мен идеяларын қолдау мақсатында әкім көмекшісі тарапынан бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, кәсіпкерлер үшін бизнес-тренингтер мен кеңес беру орталықтарын ұйымдастыру, инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша жоспарлар жасалған.

Әкім көмекшісі тарапынан махалладағы жұмыссыз және жұмыс іздеп жүрген тұрғындарды бос жұмыс орындарына орналастыру бойынша да нақты жоспар дайындалды. Қазіргі уақытта еңбекке

қабілетті, бірақ жұмыссыз жүрген тұрғындардың тізімі жасалып, оларды еңбек базарында сұранысқа ие мамандықтар бойынша қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына жіберу мәселесі қаралуда.

Сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілерімен ынтымақтастық аясында махалла аумағында жаңа жұмыс орындарын ашу, жастар мен әйелдерді кәсіпкерлікке баулу, оларды мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау шаралары жүргізілуде. Әсіресе, колөнершілік және отбасылық бизнесті дамыту, несие және грант бағдарламаларын тиімді пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылуда.

Қорыта айтқанда, Юнусата махалласында кәсіпкерлікті қолдау, бизнес ортасын жақсарту және халықты жұмыспен қамту бағытында нақты шаралар қарастырылуда. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қолдауымен кәсіпкерлердің қызметі одан әрі дамып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуда. Кәсіпкерлікті қолдау тек экономикалық өсуді қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға да үлкен үлес қосады. Сондықтан, жергілікті кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасау, олардың ұсыныстары мен мәселелерін шешу жолындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуы қажет.

Әлия ӨБДІРАХМАНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Тілсіз жау

КҮРДЕЛІ ҮДЕРІС

Жану үдерісі күрделі физикалық-химиялық үдеріс болып, онда жанатын материалдар жоғары температураға әсерінде оттегімен химиялық реакцияға кіріседі. Нәтижеде олар жану реакциясына кірісіп, жанатын өнімдерге айналады және бұл үдеріс көп мөлшерде жылу мен нұр бөлінуімен классификацияланады. Яғни өрт апаты мал-мүлікке қауіп төндірумен қатар адам денсаулығына да үлкен зиянын тигізеді.

И.АБДУХАЛИКОВ, Өзбекстан Республикасы Президенті Өкімшілігі ғимаратында ӨҚТҰБ-ның инспекторы.

ЕРЕЖЕЛЕРГЕ КӨҢІЛ БӨЛСЕК...

Құрылыс істері жүріп жатқан немесе қайта жөнделіп жатқан үйлер мен ғимараттарда қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөлу, өртке қарсы шараларды толығымен орындау, өз қауіпсіздігімізді қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдің өркеніне өз үлесімізді қосуға септігін тигізеді. Бұл орайдағы міндеттер нысан басшылары мен жұмысшы-қызметкерлерге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Т.ИСМОИЛОВ, Өзбекстан Республикасы Президенті Өкімшілігі ғимаратында ӨҚТҰБ-ның инспекторы.

БЕЛГІЛЕНГЕН МІНДЕТТЕРГЕ ОРАЙ

Бүгінгі таңда сала бағытында белгіленген міндеттерге орай қызметкерлер тарапынан жер-жерлерде түрлі шаралар өтуде. Мақсат — тұрғындарға қауіпсіздік ережелерін түсіндіре отырып, оларға мойынсұнуға, алдын алуға жұмылдыру. Айта кеткен жөн, өрттің алдын алу, оған қарсы күресу тек сала өкілдерінің ғана емес, баршаның міндеті. Сала қызметкерлері баршаны сергектікке шақырады.

М.РЫСБЕКОВ, Өзбекстан Республикасы Президенті Өкімшілігі ғимаратында ӨҚТҰБ-ның кіші инспекторы.

ТҮСІНДІРМЕ ІСТЕРІ ЖАЛҒАСУДА

Үкімет комиссиясының қаулысына орай, 15 марттан 15 апрельге дейін республика аумағында “Төтенше жағдайлардан қорғау және азаматтар қауіпсіздігі айлығы” өтуде.

Соған орай, азаматтарға төтенше жағдайларда әрекеттенуде, өрттің алдын алуға жоғары оқу орындарында, мектептерде, ауруханаларда және өте маңызды категориядағы нысандарда түсіндіру істерін жүргізілуде. Сондай-ақ аптаның әр сәрсенбі күні өтетін өрттің алдын алуға бағытталған істер де тұрақты жалғастырылуда.

И.ТАШПОЛАТОВ, Өзбекстан Кәсіподақ ұйымдары сарайында ӨҚТҰБ кіші инспекторы.

Озат тәжірибе — ортақ қазына

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БҮГІНГІ ЖЕТІСТІКТЕР

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті республикамыздағы көшбасшы оқу орындарының қатарында келеді. Білімге құштар жастарды бір шаңырақтың астына топтастырған білім ордасында бүгінде 14 мыңға жуық студент білім алуда. Ашылғанына небары 8 жылдың жүзі болғанымен, оқу орны көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, 2023 жылдан бастап ШМПУ-ге айналдырылды. Өткен уақыт аралығында көптеген басқа да, тіпті шетелдік жоғары оқу орындарымен да ынтымақтастық байланыстарын дамытып келеді.

Айта кетерлік жайт, Шыршық мемлекеттік педагогика университеті Қожа Ахмет Иассау атындағы Қазақ-түрік университетімен 2023 жылы меморандумға қол қойған болатын. Соның негізінде жуырда Қожа Ахмет Иассау атындағы Қазақ-түрік университетінің Қазақ филологиясы факультеті, Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының профессор-оқытушылары, Қазақ филологиясы кафедрасының доценті Жылқыбай Гүлмжан Қызметқызы, ф.ғ.к., аға

оқытушылар Жанар Сүйінжанова, Айнаш Дәулетова, Тарих кафедрасының доценті Мағрипа Жолсейітовалар академиялық ұтқырлық бойынша Қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің профессор-оқытушыларының шақыруымен Шыршық мемлекеттік педагогика университетіне ат басын бұрды.

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті Нұрғұл Олжабаева домбыранын сүйемелдеуінде қазақтың халық әнімен келген қонақтарды

“Достық” орталығында қарсы алды. Қонақтарды бөлімнің профессор-оқытушылары, доценттер Ө.Байқабылов, Ж.Байзақов, оқытушы Н.Шайхисламов және тьютор И.Ташмухамедовалар университет, факультет, кафедра және бөлімнің тарихымен таныстырды.

Қазақ тілі орталығында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, сұхбат аясында екі елдің арасындағы достық пен ынтымақтастық, ғылым-білім жолындағы жаңалықтарды әрі қарай нығайту бойынша сөз өрбітілді. Сосын әріптестеріміз өздерінің

бағыты бойынша 1,2,3,4 курстарға кіріп, лекция оқып, семинар сабақтарын өтті.

Қазақстаннан келген әріптестеріміз Өзбек тілі білімі кафедрасы жұмысының негізгі бағыттарымен танысып, жетекші профессор-оқытушылардың сабақтарына және “Қазақ тілі және әдебиеті” бойынша болашақта академиялық ұтқырлықты жолға қоюды дамыту жұмысын алға тартты.

Әріптестеріміз өз баяндамаларында университетте шығыс және кіріс академиялық ұтқырлық бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. Бұл бағдар-



лама біздің студенттерге бір академиялық кезең ішінде басқа университетте (отандық немесе шетелдік) білім алуға мүмкіндік береді. Бұл ретте барлық игерілген несиелер мен алынған бағалар міндетті түрде қайта есептеледі. Шетел азаматтары біздің университетте кіріс ұтқырлығы бағдарламасы бойынша оқи алатынын тілге тиек етті.

— Оқытушылар бұл бағдарламаға қонақ дәрісші ретінде қатыса алады. Жыл сайын біздің университетке Беларусь, Германия, Израиль, Испания, Италия, Литва, Нидерланды,

Польша, Ресей, Румыния, Словакия, АҚШ, Өзбекстан, Украина, тағы басқа елдердің жетекші университеттерінің қонақ дәріскерлері келеді, — дейді аға оқытушы ф.ғ.к., оқу істері бойынша декан орынбасары Жанар Сүйінжанова.

— Академиялық ұтқырлық Қожа Ахмет Иассау атындағы Қазақ-түрік университеті халықаралық қызметінің маңызды бағыттарының бірі саналады. Сондай-ақ бұл білім беру сапасын жақсартуға білім алушылар мен оқытушылардың кәсіби, мәдени және білім деңге-

йін арттыруға, сыртқы және ішкі интеграциялық байланыстарды орнатуға және уақыттың беделін нығайтуға ықпал етеді, — дейді қазақ филологиясы кафедрасының доценті Гүлмжан Қызметқызы.

Сапар аясында әріптестеріміз сабақтан тыс уақытта Гуманитарлық пәндер факультетінің жанында ашылған тарих зертханасы мен археология мұражайын, сондай-ақ қазақ, орыс және тәжік орталықтарын тамашалап, өздерінің ыстық ықыластарын білдірді. Он күн барысында әріптестеріміз студенттерге қазақ тілі және әдебиеті, тарих пәндерінен сабақ өтіп, бар білімі мен тәжірибесін ортаға салды. Сапар соңында әріптестерімізге факультет деканы, профессор Р.Икрамов сертификаттар берді.

Қорыта айтқанда, академиялық ұтқырлық — қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Ол студенттерге жаңа білім мен тәжірибе жинауға, кәсіби және жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу — болашақтағы табысты мансаптың кепілі.

Егер сіз халықаралық деңгейде білім алғыңыз келсе, академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктерін зерттеп, өз болашағыңызға қадам жасаныз!

Нұржелді ЖАРСАБАЕВ,
ШМПУ-дің Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушысы.

Рухани мұра

САЙЫПҚЫРАНЫМ — МАҚТАНЫШЫМ

Тарих беттерінде өз есімін алтын әріптермен жазып кеткен тұлғалар көп, бірақ олардың ішінде Әмір Темірдей ұлы қолбасшы және дана мемлекет қайраткері сирек кездеседі. Оның өмір жолы, әрбір әскери жорығы және құрған империясы жаһандық деңгейде маңызды орын алады.

Бүгінгі күрделі жаһандану дәуірінде руханият саласында туындап жатқан өзекті мәселелер, халқымыздың рухани мұрасын сақтау және одан әрі дамыту, жас ұрпақтың жүрегі мен санасын түрлі зиянды идеялар мен идеологиялардың ықпалынан қорғау және сақтау үшін еліміздің тарихи жан-жақты әрі терең зерттеу, алғашқы дереккөздерге сүйене отырып талдау жасау, келер ұрпаққа шынайы тарихымызды оқыту арқылы оларды жоғары руханиятты тұлға етіп тәрбиелеу аса маңызды.

Дәми түскен еліміздің тыныштығы, оның өркендеуі, әрбір бейбіт әрі берекелі күні, қол жеткізген жетістіктері — Отанымызға шексіз сүйіспеншілікпен қызмет етіп жүрген ел жанашырларының еңбегінің дәлелі. Біз, Өзбекстан перзенттері, осындай жанқиярлықтың үлгісін, сөзсіз ұлы бабаларымыз — Сайыпқыран Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабыр, Әлішер Науаи, Бехбуди, Ұлықбек секілді ата-бабаларымыздың қалдырған мұраларынан оқып-үйреніп, үлгі аламыз.

Осы орайда атап өту қажет, біз түркі халықтары — өзбек, қазақ, тәжік, түркімен халықтары мұндай тарихи тұлғалардың қалдырған мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек және олармен мақтануға тиіспіз.

Әмір Темірдің тарихта ұлы қолбасшы ретінде танылуы тек өзбек халқының ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының да мақтанышы. Себебі Әмір Темір жай ғана ұлы қолбасшы емес, ол Тұран мемлекетін әділ басқару өнерін

жетік менгерген дана тұлға болды, өзбек және қазақ халықтарының әлем тарихында өшпес із қалдыруына ерекше құрметке лайықты.

Ұлы қолбасшының ең айрықша қасиеті — ол өз халқының жойылып кетпеуі үшін күрес жүргізіп, оның қайғысы мен мұңын жүрегінен сактап өмір сүргендігі.

Әлемдік аренада “Сайыпқыран” атауы тек Әмір Темірге ғана қолданылуы бекер емес, оның мағынасы араб тілінде “бақытты”, “жеңісті”, “мәртебелі” деген ұғымдарды білдіреді. Мұндай мәртебелі атақ Әмір Темір Көрегенге берілген және ол Шығыста “Ең әділ патша” деген атаққа да лайық деп танылған.

Әмір Темір тек өз елінде ғана емес, басқа елдерде де құрылыстар жүргізіп, Орта Азияның сол дәуірде дамуына үлкен үлес қосқан.

Ол тек ұлы қолбасшы ғана емес, сонымен қатар терең ойлы қаламгер де болған. Оның “Темір түзіктері” атты еңбегі әлі күнге дейін құнды шығарма ретінде пайдаланылуда.

Қазіргі таңда Президентіміз тарапынан ұлы бабаларымызға және рухани мұрамызға үлкен көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, Президент Шавкат Мирзиязевтың бастамасымен “Темірбектер” мектептері құрылды. Осы негізде А.Қадыри атындағы Жызақ мемлекеттік педагогикалық университетінің Бастауыш білім беру факультетінде “Әмір Темір — ұлы қолбасшы” тақырыбында шығармалар байқауы өткізілді.

Байқау Әмір Темір бабамыздың

689 жылдығына арналып, факультет деңгейіндегі барлық жастарды рухани тәрбиелеу және олардың ой-өрісін кеңейту мақсатын көздеді.

Шығармалар байқауына жүзден астам студент қатысты. Жеңімпаздарды анықтау кезеңі 2025 жылдың 9 апрелінде жарияланып, байқауға қатысушыларды ынталандыру көзделген.

Әмір Темір идеялары бүгінгі күні көптеген жаңалықтарға әсер етуде. Оның саяси, әскери және мәдени мұрасы қазіргі Өзбекстан мен басқа да елдерде, әсіресе қазақ халқы үшін маңызды орын алады.

Мысалы, Мемлекеттік басқаруда орталықтандырылған күшті билік жүйесін орнатуы; Әскери стратегия мен ұлттық мақтаншыл қазіргі әскери оқу бағдарламаларында көрініс табуы; Экономика және сауда: Өзбекстанның халықаралық сауда жолдарын біріктіруі; жүйені дамыту және экономикалық реформаларды жүзеге асыруы; Мәдениет пен ғылымды дамытуға ықпалы; Ұлттық өзіндік болмыс пен руханият.

Әсіресе, Әмір Темірдің: “Біз кімбіз — Тұранның иесіміз, Түркістанның әміріміз! Біз кімбіз — түркі халықтарының ұлы буынымыз!” деген бүкіл түркі еліне тиесілі.

Ұлы бабамыз тек өзбек халқының ғана емес, бүкіл әлем халықтарының да аса көрнекті тарихи тұлғаларының бірі. Біз осындай ұлы бабаларымызбен мақтанамыз, олардың еңбектері мен қалдырған мұраларынан үлгі аламыз.

Сайыпқыран бабамызды тарихтың жарқын жұлдызы десек, еш артық айтқандық емес. Өйткені бұл жұлдыз әлі күнге дейін бағыт көрсетуші жұлдыздай жарқырап, барлық жастарды өзіне шақыруда.

Х.ШУКУРОВА,
Жызақ мемлекеттік педагогикалық университеті Бастауыш білім беру факультетінің аға оқытушысы.

Байқау

ЕҢ БЕЛСЕНДІ ОҚЫРМАН

Жоғарышырық ауданындағы №26 жалпы орта білім беретін мектепте 6-11 сынып оқушыларының арасында “Ең белсенді оқырман” конкурс-байқауы өтті. Конкурс-байқау аудандық мектепке дейінгі және ағарту орталығының аудандық бөлімдерінің, сондай-ақ Өзбекстан Халық демократиялық партиясы аудандық кеңесінің ынтымақтастығында ұйымдастырылды. Оған қатысқан аудандық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөліміне қарасты №40 жалпы орта білім беретін мектептен келген ең білімді және зейінді кітапсүйер оқушылар жеңімпаздық үшін сайысты.

— Конкурс-байқауды өткізуден көзделген мақсат — кітап оқуды насихаттау арқылы оқушыларда кітап оқу мәдениетін арттыру, әдебиет пен өнермен берілген сабақтан тыс оқу үшін ұсынылған шығармалардың мазмұнын жақсы меңгеру, оқушылардың рухани әлемін байыту, сондай-ақ ұлттық әдебиетті жүйелі насихаттау арқылы оқушылардың көңілін-

де отансүйгіштік, ізгілік, адамилық сынды жоғары қасиеттерге сүйіспеншілік ояту, — дейді конкурс-байқаудың қазылар алқасы, Республикалық Руханият және ағарту орталығы аудандық бөлімінің басшысы Шахло Шойимова. — Сондай-ақ мұнда негізінен ақпарат алу мәдениетін қалыптастыру да мақсат етілген.

— Бүгінгі өткен конкурс-байқауға

қатысқан барлық оқушылар өздерінің білімі мен шеберлігін көрсетті. Әсіресе аудандағы №15 жалпы орта білім беретін мектептің 11-сынып оқушысы Сарвиноз Шукурова өзінің жан-жақты білімділігімен және зейінділігімен басқалардан ерекшеленіп тұрды. Шара соңында Сарвиноз жинаған жоғары ұпайымен бірінші орынды иемденіп, облыстық басқшыға жолдама алды. Екінші және үшінші орындарды №40 жалпы орта білім беретін мектептің 6-сынып оқушысы Мухаммадоб Абдухоликов және №3 жалпы орта білім беретін мектептің 9-сынып оқушысы Зияда Яхшибоевалар иемденді.

Конкурс-байқау жеңімпаздары ұйымдастырушылар тарапынан лайықты марапатталды. Алдағы уақытта байқау жеңімпазды Сарвиноз Шукуроваға облыстық басқшыға лайықты қатысуына сәттілік тілейміз.

Латиф МАНСУР,
Жоғарышырық ауданы.

БІЛІМДІ ӘРКЕЗ АЛДА

Сырдария облысының Гүлстан қаласындағы №98 жалпы орта білім беретін мектепте “Ең белсенді оқырман директор” байқауының Гүлстан қалалық басқшысы өтті.

Елімізде кітап оқуды дамыту мақсатында “Бес маңызды бастаманың” төртінші бастамасы аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Гүлстан қалалық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімі осыған орай бірқатар байқауларды бастады.

“Ең белсенді оқырман директор” байқауы — айтулы байқаулардың бірі. Өйткені бірінші басшысы кітапсүйер болған ұжымда оның әдеті көпшілікке үлгі болып өтеді. Он бес мектеп директоры қатысқан сайыста мұғалімдер 4 шарт бойынша өзара бақ сына-

мақ. Алдымен олар Айбектің “Науаи” романы мен өз мектептерінде кітап оқуды насихаттау мақсатында атқарған жұмыстарымен бөлісті. Одан кейін Міркерім Осимнің “Зулмат ичра нур” және Хайридин Сұлтаннның “Саодат сохили” әңгімелері туралы қысқаша сұрақтарға жауап берді. Сайыс Захириддин Мұхаммед Бабырдың ғазалын жатқа айтумен аяқталды. Ғазалдар баршаға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

— Өздеріңіз білесіздер, ұлтмыздың екі ұлы тұлғасы хазірет Мір Әлішер

Науаи мен Захириддин Мұхаммед Бабыр февраль айында дүниеге келген, — дейді қалалық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімінің әдіскері Лола Норова. — Сондықтан байқауға кітаптарды іріктеу кезінде ғұламаларымыздың өмірі мен шығармашылығына арналған ең сирек еңбектерді қосуға тырыстық.

Байқау шарты бойынша 59 балл жинаған №16 жалпы орта білім беретін мектеп директоры Чарос Халилова ең белсенді оқырман мектеп директоры мәрте-

Айдана МЕДЕНОВА,
Сырдария облысы.

“Нұрлы жол” газетінің және Республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығының ұжымдары газеттің жана-шыры және Орталықтың белсендісі
Инағам ҚАЛТҰРСЫНОВтың қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Нұрлы жол
Құрылтайшылар:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ
Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3686
Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылдамайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозқарасмен сөйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдары редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

Кезекші редактор:
Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ
Беттеуші-дизайнер:
Қайсар РАХМАНОВ
nurlilol2022@umail.uz

Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі,
30-үй, 4-қабат.
Телефон: +998 55 510-04-64.
Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ.
Бөлшек саудада еркін баға.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды.
Кәсіпорынның мекенжайы:
“Буюк Турон” көшесі, 41-үй.
Тапсырыс Г — 426.
Басуға тапсыру уақыты: 21.00
Тапсырылды: 21.30
1 2 3 4 5 6